

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларының нысандарын және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда № 17016 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 03.04.2023 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі 131-бабының 6-тармағына және 179-бабының 6-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 03.04.2023 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) бағдарламаларының нысаны;
- 2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларының нысаны;
- 3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін қағаз және электрондық нұсқада оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде ресми жариялау үшін оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексі қолданысқа енгізілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 18 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитетінің төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы 22 мамыр

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 11 мамырдағы
№ 168 бұйрығына
1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <http://spon.energo.gov.kz>

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) бағдарламалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 03.04.2023 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі: 1-ЖСБ

Жиілігі: жыл сайын

Есептік кезең: 20__ жыл бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланушылар және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: сатып алу жүргізу үшін жоспарланған жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей, не жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) бағдарламалары

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	Тауарлардың, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша ТЖҚ коды	Сатып алынатын ТЖҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алудың жоспарланған көлемі	ҚҚС қоспағанда, жоспарланған сатып алу сомасы, мың теңге	Сатып алу тәсілі	Сатып алуды өткізу мерзімі	Жер қойнауын пайдаланушының БСН
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
			Тауарлар						
			Жұмыстар						
			Көрсетілетін қызметтер						

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

қолы, телефон

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның

қосымшасында келтірілген.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) бағдарламаларының нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "
Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) бағдарламалары" (1-ЖСБ, жыл сайын)

1. жер қойнауын пайдаланушылар 1-бағанда:

1) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін;

2) Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді.

2. 2-бағанда Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 168 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17016 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидаларына қосымшаға сәйкес Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін жіктеу кодтарының (бұдан әрі – Жіктеу кодтары) 1-кестесіне сәйкес сатып алынатын заттың коды көрсетіледі;

3. 3-бағанда Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес 15 белгі деңгейінде тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

4. 4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5. 5-бағанда Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одағының Өлшем бірліктері мен есеп жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

6. 6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауарды сатып алудың жоспарланатын көлемі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

7. 7-бағанда қосылған құн салығын қоспағанда мың теңге (жүздік үлестерімен бөлшек сан) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланатын сомасы көрсетіледі;

8. 8-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілін:

1) Жіктеу кодтарының 2-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді Кодекске сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) Жіктеу кодтарының 3-кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке (бұдан әрі – Қор) тиесілі заңды тұлғалар көрсетеді;

9. 9-бағанда Жіктеу кодтарының 4-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізудің мерзімі көрсетіледі;

10. 10-бағанда жер қойнауын пайдаланушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 11 мамырдағы
№ 168 бұйрығына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <http://spon.energo.gov.kz>

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 03.04.2023 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі: 1-ОСБ

Жиілігі: жыл сайын

Есептік кезең: 20__ жыл бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланушылар және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жоспарланған бес жылдық кезеңнің бірінші жылының 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей, немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	Тауарлардың, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша ТЖҚ коды	Сатып алынатын ТЖҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алудың жоспарланған көлемі	ҚҚС қоспағанда, жоспарланған сатып алу сомасы, мың теңге	Сатып алу тәсілі	Сатып алуды өткізу мерзімі	Жер қойнауын пайдаланушының БСН
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
			Тауарлар						
			Жұмыстар						
			Көрсетілетін қызметтер						

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ қолы, телефон

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ қолы

Мөр орны _____

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа)

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларының нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "
Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламасы" (1-ОСБ, жыл сайын)

1. Жер қойнауын пайдаланушылар 1-бағанда:

1) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін;

2) Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді.

2. 2-бағанда Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 168 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17016 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидаларына қосымшаға сәйкес Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін жіктеу кодтарының (бұдан әрі – Жіктеу кодтары) 1-кестесіне сәйкес сатып алынатын заттың коды көрсетіледі;

3. 3-бағанда тауарлардың, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес 15 белгі деңгейінде тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

4. 4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5. 5-бағанда Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одағының Өлшем бірліктері мен есеп жіктеуішіне (бұдан әрі – жіктеуіш) сәйкес тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

6. 6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауарды сатып алудың жоспарланатын көлемі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

7. 7-бағанда қосылған құн салығын қоспағанда мың теңге (жүздік үлестерімен бөлшек сан) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланатын сомасы көрсетіледі;

8. 8-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілін:

1) Жіктеу кодтарының 2-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді Кодекске сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) Жіктеу кодтарының 3-кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке (бұдан әрі – Қор) тиесілі заңды тұлғалар көрсетеді;

9. 9-бағанда Жіктеу кодтарының 4-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізудің мерзімі көрсетіледі.

10. 10 - бағанда жер қойнауын пайдаланушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 11 мамырдағы
№ 168 бұйрығына
3-қосымша

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидалары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 03.04.2023 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 131-бабының 6-тармағына және 179-бабының 6-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған), орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну тәртібін белгілейді.

Осы Қағидалар Кодекстің 277-бабының 3-тармағына сәйкес Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған рұқсаттар, лицензиялар мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қарым-қатынастарға қолданылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы сатып алуды жүргізу үшін жоспарланатын жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей жыл сайын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға алдағы жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) бағдарламасын жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы ұсынады және оны бірінші басшының немесе уәкілеттік берілген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

3. Жер қойнауын пайдаланушы сатып алуды жүргізу үшін жоспарланатын жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей немесе келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей жыл сайын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға алдағы кезеңдерге арналған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламасын жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы ұсынады және оны бірінші басшының немесе уәкілеттік берілген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

4. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін жіктеу кодтары осы Қағидалардың қосымшасында келтірілген.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидаларына қосымша

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін жіктеу кодтары

1-кесте

Сатып алынатын заттың коды	Атауы
0	Тауар
1	Жұмыс
2	Көрсетілетін қызмет

2-кесте

Сатып алу тәсілінің коды	Атауы
101	Ашық конкурс

102	Бір көзден сатып алу
103	Төмендету әдісімен ашық конкурс (электрондық сауда-саттық)
104	Тауарлық биржаларда
105	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді тәсілдерді қолданбай сатып алу*

3-кесте

Сатып алу тәсілінің коды	Атауы
201	Тендер
202	Аукцион
203	Баға ұсыныстарын сұрату
204	Бір көзден сатып алу
205	Тауарлық биржалар арқылы
206	Электрондық дүкен арқылы
207	Холдингішілік кооперация шеңберінде

4-кесте

Уақыт кезеңінің коды	Атауы
QAN1	1-тоқсан
QAN2	2-тоқсан
QAN3	3-тоқсан
QAN4	4-тоқсан
SAN1	1-жартыжылдық (1-2 тоқсандар)
SAN2	2-жартыжылдық (3-4 тоқсандар)
ANNгг	жыл***

Ескертпе:

* Кодекстің 131-бабының 1-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында және 179-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдерді қолданбай;

** жылды белгілеу кезінде ANN префиксі және жылдың соңғы екі саны қолданылады.